1150.	Тастекеева А. Қ.	Корпоративное управление и корпоративная	4937

		социальная ответственность: влияние на репутацию компании	
1151.	Тастекеев Е.К.	Корпоративное управление в высокотехнологичных компаниях: особенности управления инновациями	4941
1152.	Тәжібай А.Е., Жансеитова Г. С.	Финансовые инновации: трансформация рынка и перспективы развития	4945
1153.	Tunyssova N.	Sustainability metrics in it project management	4954
1154.	Умарова А. М.	Қазақстан Республикасының шағын және орта бизнесінің инновациялық дамуы	4957
1155.	Уткирова А., Ахметқалиева Д.	Қазақстанның өңірлік инновациялық дамуындағы теңсіздіктер	4961
1156.	Khamza A. E.	Innovative development of the Republic of Kazakhstan: artificial intelligence in human resource management	4964
1157.	Хамит Ж. Р.	Роль проектного управления в развитии инновационной деятельности вуза	4968
1158.	Шамырзаев Б. Д.	Методы решения возникающих проблем в государственном управлении	4972
1159.	Ыбрахым Б. Х.	Қазақстанның ұлттық компанияларындағы операциялық тиімділікті басқарудың өзекті мәселелері (мұнай-газ саласындағы компаниялар негізінде)	4974

**Подсекция 7.6 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТҰРАҚТЫ ТУРИЗМ: ЭКОЛОГИЯ,  
ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ ТЕПЕ-ТЕҢДІГІ**

**УСТОЙЧИВЫЙ ТУРИЗМ В КАЗАХСТАНЕ: БАЛАНС ЭКОЛОГИИ,  
ЭКОНОМИКИ И КУЛЬТУРЫ**

**SUSTAINABLE TOURISM IN KAZAKHSTAN: BALANCING  
ECOLOGY, ECONOMY AND CULTURE**

1160.	Абдуллаева Жасмин Сайдуллақызы	Мейрамхана бизнесінде сандық технологиялардың қолданылуы	4977
1161.	Абдрахманов Айдар Серикович, Еремін Владислав Андреевич, Аюпова София Дулатовна	Современные тенденции цифрового маркетинга в гостиничной отрасли Казахстана	4980
1162.	Адебиет Анель Ергазықызы	Туризмнің жергілікті қауымдастықтың әлеуметтік-экономикалық дамуына әсері	4985
1163.	Амержан Сабира Умурғалиқызы	Гастрономический туризм: влияние на ресторанный бизнес	4990
1164.	Балахметова Адия Болатқызы	Роль ТОО «Казахстанская атомная энергетическая станция» в содействии решения проблемы энергодефицита Республики Казахстан	4992
1165.	Бекмұхамбетова Іңкәр Маратқызы	Мейрамханалардағы тағам сапасын бақылау жүйелері	4995

1166.	Ғиззат Алтынай Ақанқызы	Культурное наследие как ресурс развития туристской индустрии Республики Казахстан	4999
1167.	Дәурен Айзат	Этно-қонақ үйлер – заманауи туризм мен дәстүрлі мәдениетті ұштастыру құралы ретінде	5003
1168.	Есмахай Фариза	Ежелгі Жібек жолы бойындағы мәдени-туристік маршруттарды дамыту	5009
1169.	Жөкен Баян Асанқызы	Қазақстандағы туризмнің Covid-19 пандемиясынан кейінгі жағдайы мен өзгерісі	5014
1170.	Жубан Әділжан Қуатұлы	Алматы тау кластері туристік индустрияны дамытудың драйвері	5022
1171.	Исабекова Жұлдызай Бекжанқызы	Туризмдегі кеңейтілген және виртуалды шындық технологияларының әлеуеті	5025
1172.	Исмагулов Армат Азаматұлы	Қонақ үй индустриясында 3D визуализацияны қолдану мүмкіндіктері	5028
1173.	Исмоилова Саломат Құрбонбековна, Михлибаев Сеитжан Маратович	Роль ЮНЕСКО в сохранении культурного наследия Таджикистана и Казахстана	5032
1174.	Калихан Айзере Алтайқызы	Экологические последствия строительства нового аэропорта в Катон-Карагай	5037
1175.	Көпей Адель	Катонқарағай ұлттық саябағында жасанды интеллект технологияларын қолдану арқылы қалдықтарды тазалау мүмкіндіктері: инновациялық тәсілдер және экологиялық тұрақтылық	5042
1176.	Кубайдоллинова Айнара	Туризмдегі мобильді технологиялар: болашағы мен мүмкіндіктері	5047
1177.	Муратбекова Диназ Муратбекқызы	Қазақстандағы тұрақты даму контекстіндегі киелі туризм	5052
1178.	Мухамбетқалиева Жансая Әбдіғабитқызы	Қазақстанның гастрономиялық мұрасы: туризмді дамытудағы рөлі	5056
1179.	Мұрат Аружан Әділханқызы	Роль этно-аулов в развитии внутреннего туризма в Казахстане	5064
1180.	Саурикова Жансая Қанатқызы, Мұсабек Ақерке	Қазақстандағы экотуризм: табиғатты аялау мен экономикалық даму арасындағы тепе-теңдік	5067
1181.	Нұрмағанбетқызы Нұрдана	Түркістан аймағында тұрақты туризмді қалыптастырудағы емдік туризмнің рөлі: Сарыағаш курорттық аймағы мысалында	5070
1182.	Омарова Кенжегуль Акмышевна	Состояние инфраструктуры в санаторно-курортных зонах Республики Казахстан	5074
1183.	Тоғайбаева Алина, Рамазан Рамина	Устойчивый туризм в Казахстане: баланс экологии, экономики и культуры на примере зоны отдыха - Алаколь	5079
1184.	Рустемова Сабира Муратовна, Абеуханова Еркежан Бахытбековна	Семей қаласының туристік әлеуеті	5083
1185.	Сайдханова Арайлым	Қазақстандағы емдік сауықтыру туризмінің жағдайы мен даму болашағы	5087
1186.	Сайын Мадина Саматқызы	Лоукост әуе тасымалының Қазақстандағы туризм саласына ықпалы	5091

1187.	Таран Ерлесқызы	Нұрлы	Экотуризмнің Қазақстандағы рөлі	5095
1188.	Тулегенова Мейрамбекқызы	Лиана	Қонақ үй бизнесін басқаруда жасанды интеллекттің маңызы	5099
1189.	Утеубаев Назымбекович	Нурлыбек	Организационно-управленческие модели строительства школ за рубежом: уроки для Казахстана	5104
1190.	Фатай Қайсарқызы	Нұрлы	Қазақстанда жастар арасындағы білім беру туризмінің дамуы: мәселелері мен болашағы	5108
1191.	Хусаинов	Д.А.	Инфраструктура глэмпингов в Щучинско-Боровской курортной зоне	5111
1192.	Шералы Өміржанқызы	Ақерке	Археологиялық туризм тарихи-мәдени мұраны таныстырудың инновациялық нысаны ретінде (Тараз қаласы мысалында)	5118
1193.	Altynay Kairatkyzy	Adilkhan	Cloud technologies as a way to automate the hotel industry	5121
1194.	Aza Yevloyeva		To the issue of tourist experience and co-creation process in tourism	5128
1195.	Khamidullin Manapovich	Nurseil	Mechanism of increasing investment attractiveness in tourism: The example of Mangistau region	5130
1196.	Kopbossyn Erlankyzy	Ayana	Prospects for the development of ecotourism in Kazakhstan	5135
1197.	Kuanysh B.B.		Big data technologies in hotel business	5138
1198.	Makhanova Maratovna	Aizhan	Sustainable development of tourism in Kazakhstan: a vision for future	5143
1199.	Mikhlidayev Seitzhan Maratovich, Ismoilova Salomat Qurbonbekovna		The role of digital technologies in improving tourist services in Kazakhstan	5146
1200.	Saginbayeva M.A.		Digital transformation in hotel business in the republic of Kazakhstan	5149
1201.	Seyitjan Rauanqyzy	Nurayim	AI in the hospitality industry	5154
1202.	Shaimukhamet Beketkyzy, Bagitzhanova Kamila Askhatkyzy	Merey	Role of social media in the hospitality industry	5158
1203.	Kaziyeva Zhanatkyzy	Dilnaz	E-commerce adoption in the restaurant sector of the Republic of Kazakhstan: present challenges and future prospects	5162
1204.	Rakhymkhanova Aidana		Study of blockchain technology and its application in restaurant business	5165
1205.	Tursungali A.A.		The influencing role of social media in the consumer's hotel decision-making process	5170
1206.	Yemutbayeva Serikovna, Kochkarova Erkinqyzy	Gulnur Raikhona	The role of accessible tourism	5174
1207.	Zhanabay.A.A		Forming inclusive tourism in Kazakhstan's	5179

			restaurant and hotel business	
1208.	Shazynda Saidkyzy	Yerke	The impact of climate change on development of sustainable tourism in South Kazakhstan	5183
1209.	Shazynda Saidkyzy	Yerke	Sustainable tourism policies: comparative study between Kazakhstan and Scandinavian countries	5188

**СЕКЦИЯ 8 ТАРИХ, АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ/  
ИСТОРИЯ, АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ**

**Подсекция 8.1 Қазақстан тарихының өзекті мәселелері: жаңа көзқарастар мен келешегі/ 8.1 Актуальные проблемы истории Казахстана: новые подходы и перспективы**

1210.	Аубакирова Д. К.		Архивные свидетельства реакции казахских аулов на политику коллективизации	5195
1211.	Асан М. Н.		XX ғасырдың 20-79 жж. аралығындағы КСРО мен Ауғаныстан қарым-қатынасы: тарихи талдау	5198
1212.	Айтмырзаева Ф. Б.		Тараз қаласының орта ғасырдағы дамуы және архитектуралық ескерткіштер	5201
1213.	Әжеп Ә. Е.		1960-1970 жылдардағы Қазақстан жастарының саяси белсенділігі мен «Жас тұлпар» қозғалысының рөлі	5205
1214.	Бекишев Т. Б.		Цифровизация и историческая урбанистика Казахстана: новые вызовы исследования прошлого	5209
1215.	Балчих А. Ө.		Ағартушылық идеялары үндес тұлғалар	5212
1216.	Бижанов А. С., Маманов Р. Ш.		ҚР мемлекеттік туының қалыптасу тарихы	5216
1217.	Бейсембекова Г. Ж.		«Моңғолдың құпия шежіресі» - жазба тарихи мұра	5220
1218.	Гиззатова А. А.		XIX-XX ғасырдың бірінші жартысындағы Орал қаласының этнодемографиялық даму ерекшеліктері	5225
1219.	Дюсен Ж. М.		Отношение казахов Степного генерал-губернаторства к восстанию 1916 года	5231
1220.	Ескендір Д. К.		Қазақ антропологиясының негізін қалаушы Оразақ Смақұлов	5233
1221.	Жанғалиев У. Қ.		XVIII – XIX ғасырларда қазақ қоғамының этноәлеуметтік ұйымдарына сипаттама	5236
1222.	Жұмабек Қ. М.		Историографический аспект изучения школьных учебников как инструмента идеологического воспитания	5240
1223.	Жусупова А. Н.		Желтоқсан оқиғасының өңірлерге таралуы: негізгі аймақтар	5245
1224.	Ибраева Г. Б.		С.Сейфуллин: ұлттық білімді дамыту, оқулық жасау жолындағы еңбектері	5249

## References

1. Ермекбаева, Б. Ж., & Төлегенова, М. С. (2021). Совершенствование корпоративного управления в акционерных обществах с государственным участием. *Экономика и статистика*, (2), 64–71.
2. Samruk-Kazyna. (2023). *Годовой отчет АО «ФНБ «Самрук-Қазына» за 2022 год*. <https://www.sk.kz>
3. Министерство цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности РК. (2023). *Программа "Цифровой Казахстан"*. <https://www.gov.kz>
4. Назарбаев, Н. А. (2018). *Послание народу Казахстана «Рост благосостояния казахстанцев: повышение доходов и качества жизни»*. <https://www.akorda.kz>

ОӘК 338.2

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДІНИ ЕРКІНДІК ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТ

**Жусупова Меруерт Базаровна**

[jussupova@mail.ru](mailto:jussupova@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Мемлекеттік және жергілікті басқару мамандығының магистранты, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – А.Б.Тулағанов

Қазақстан Республикасындағы діни еркіндік пен мемлекеттік саясаттың өзара байланысы, қазіргі заманғы жаһандық өзгерістер мен ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып, маңызды ғылыми және практикалық зерттеуді қажет ететін өзекті мәселе болып табылады. Қазақстан зайырлы мемлекет болғанымен, қоғамдағы діни құндылықтар мен сенім бостандығы мемлекеттік саясаттың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Осы мақалада діни еркіндік ұғымы, Қазақстандағы оның құқықтық реттелуі, мемлекеттік органдар мен діни бірлестіктер арасындағы қарым-қатынас, сондай-ақ бұл саладағы қазіргі сын-тегеуріндер мен даму перспективалары қарастырылады. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, әрбір азаматтың ар-ождан бостандығы мен діни сеніміне кепілдік беріледі. Конституцияның 22-бабында "Әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы бар. Діни сенім бостандығы мен діни бірлестіктердің мемлекеттен бөлінуі қамтамасыз етіледі" деп көрсетілген. Сонымен қатар, "Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы" заң діни ұйымдардың қызметін құқықтық реттеу мен олардың мемлекетпен қарым-қатынасын айқындайды. Бұл заңның басты мақсаты – діни сенім бостандығын қорғау, конфессияаралық келісімді нығайту және экстремизмнің алдын алу болып табылады. Қазақстандағы діни ландшафттың алуан түрлілігі мемлекеттік саясаттың бұл саладағы рөлін күшейтеді.

Қазақстанда 18 конфессия бар, олардың жалпы саны 3808. Бұл конфессиялардың ішінде ислам жетекші орын алса, одан кейін православие мен пентекосталдар басымдық көрсетеді. Зерттеулер нәтижесінде, Қазақстандағы дін саясаты тәуелсіздік алғаннан бері кезең-кезеңімен дамып келе жатқаны байқалады, әрі тұрғындармен, әсіресе жастармен, деструктивті діни ағымдарға қарсы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын арттыру ұсынылады. Осы ретте, діни ұйымдардың қызметі заңнамалық тұрғыдан реттеліп, олар мемлекеттің тұрақтылығы мен қоғамдық келісімге ықпал ететін институттар ретінде қарастырылады. Қазақстанда діни толеранттылық пен конфессияаралық диалогты нығайту мақсатында Қазақстан халқы Ассамблеясы, Дін істері комитеті және басқа да мемлекеттік органдар жұмыс атқарады. Дегенмен, жаһандану мен жаңа қауіптер дәуірінде Қазақстанның діни саясаты бірнеше маңызды сын-тегеуріндерге тап болуда.

Біріншіден, экстремистік және радикалды діни ағымдардың таралу қаупі қоғамның тұрақтылығына әсер етуі мүмкін. Қазақстан бұл мәселеге қарсы күресу үшін құқық қорғау және арнайы органдар арқылы профилактикалық шараларды жүзеге асырып, діни

ағартушылықты күшейтуге бағытталған бағдарламаларды енгізуде. Сонымен қатар, зайырлылық қағидатын сақтай отырып, діни ұйымдардың қызметін қадағалау мен реттеу шаралары жүзеге асырылуда. Екіншіден, діни білім беру саласындағы мәселелер назар аударуды қажет етеді. Қазақстанда діни білім беру жүйесі заңнамалық тұрғыдан реттелгенімен, кейбір азаматтар діни білім алу үшін шетелдік оқу орындарына жүгінуде. Бұл өз кезегінде радикалды идеялардың таралуына алып келуі мүмкін. Сондықтан, мемлекет діни кадрларды өз ішінде даярлау саясатын күшейтіп, отандық діни білім беру мекемелерінің сапасын арттыруға бағытталған шараларды қолға алуда. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы мен басқа да конфессиялық бірлестіктер бұл үдерісте белсенді рөл атқаруда. Үшіншіден, діни еркіндік пен қоғамдық тұрақтылық арасындағы тепе-теңдікті сақтау өзекті мәселе болып қала беруде. Мемлекет діни сенім бостандығын қамтамасыз ете отырып, қоғамда діни алауыздықтың алдын алу шараларын жүйелі түрде жүзеге асырады. Әсіресе, діни негіздегі кез келген радикалды әрекеттердің жолын кесу мақсатында құқықтық тетіктерді жетілдіру жалғасуда. Бұл тұрғыда, мемлекет пен діни ұйымдардың өзара іс-қимылы маңызды рөл атқарады. Діни бірлестіктер тек қана рухани құндылықтарды насихаттап қана қоймай, сонымен қатар, қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді шешуге де үлес қосуда.

Шетелдерде терроризмге идеологиялық қолдау көрсету, қамаудағыларды деррадикализациялау және конфессияаралық диалог құру мәселелері кеңінен қарастырылуда. Мысалы, А. Speckhard (Speckhard, 2007) өзінің еңбегінде басты міндет ретінде қақтығыстарды тоқтату керектігін айтады, себебі олар вербовкаға қолайлы орта қалыптастырады. Қақтығыс аймақтарындағы қатыгездік бейнемазмұндары мен суреттерінің интернет және басқа құралдар арқылы алыс аймақтарға тарауы, адамдарды осындай қозғалыстарға қосылуға осал етеді. Сонымен қатар, автор терроризм ұйымдарымен бейбіт диалогтың маңызды екенін атап өтеді, өйткені олар өз елдеріндегі саясатқа наразылықты білдіреді (Speckhard, 2007). 2000-шы жылдардың басында Сауд Арабиясында террорлық шабуылдар толқыны орын алып, оның нәтижесінде үкімет экстремизмнің интеллектуалды және идеологиялық негіздемелеріне қарсы «жұмсақ» күш қолдану стратегиясын қабылдады. Бұл стратегия профилактика, реабилитация және босатылғаннан кейінгі көмек көрсету бойынша үш байланысқан бағдарламадан тұрады (PRAC). Бағдарламаның бір жетістігі ретінде адамдардың өз көзқарастарынан арылып, реабилитациядан кейін осындай қылмыстар жасаудан бас тартқаны атап өтуге болады. Сондай-ақ, Сауд Арабиясының экстремизм мен терроризммен күресу стратегиясы жақын арада басқа елдерге үлгі болып, Батыс Азия, Еуропа және Азияда қолданыла бастады (Bousek, 2008). Индонезияда үкімет террористік тұтқындарды деррадикализациялау бағдарламасын жүзеге асырып, бұл бағдарлама тек тұтқындарды ғана емес, олардың отбасыларын да қамтуды мақсат етеді, әлеуметтік стигматизациядан аулақ бола отырып тиімді әдістер қолданады. Бағдарлама экстремизмнің идеологиялық негіздерін жоюға бағытталған және екі негізгі қағидаға негізделеді: экстремистер тек басқа радикалдармен сөйлеседі деген сенім және жұмсақ күш пен сендіру құралдарын қолдану (Schulze, 2008).

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, экстремизммен күресу мен конфессияаралық бейбіт диалог құруда жұмсақ күшті қолдану және халықпен, оның идеологиясымен ақпараттық жұмыс жүргізу маңызды екенін айтуға болады.

Сонымен қатар, Қазақстанның дін саласындағы сауатты сыртқы саясаты ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, аймақтық және жаһандық тұрақтылықты нығайтуға үлкен әсер етіп, басқа елдермен қарым-қатынастарды жақсартуға негіз болды. Қазіргі таңда Қазақстанда дін саласын реттейтін уәкілетті орган – Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Дін істері комитеті (әрі қарай – Комитет). Бұл орган басқа мемлекеттік органдармен және азаматтық қоғам институттарымен бірлесе отырып, дін саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырады. 2020 жылы Қазақстан Республикасының 2021-2023 жылдарға арналған дін саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырудың кешенді жоспары қабылданды. Бұл жоспар қоғамда зайырлы принциптерді нығайтуға және конфессияаралық

келісім мен тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған. 2019 жылы Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі жүргізген әлеуметтік сауалнама нәтижелеріне сәйкес, қазақстандықтардың 70%-ы мемлекеттік органдардың дін саласындағы қызметі туралы хабардар, оның ішінде 30%-дан астамы бұл ақпаратты мақсатты түрде іздейді. Сонымен қатар, халықтың шамамен 10%-ы мемлекеттік дін саясатын дұрыс емес деп санайды және қолдамайды (ПП РК, 2020).

Дін саласындағы заңнама Қазақстан Республикасы аумағында азаматтар мен діни ұйымдардың құқықтық жауапкершілігін реттейді. Осыған байланысты, азаматтарға дін саласындағы саясатты түсіну және заңды білу өте маңызды.

Қазақстанның діни саясатының халықаралық тәжірибемен үйлесімділігі де маңызды аспектілердің бірі болып табылады. Елдегі конфессияаралық келісім моделі әлемдік деңгейде мойындалған және тұрақтылықты сақтаудың оңтайлы үлгісі ретінде бағаланады. Қазақстан 2003 жылдан бері тұрақты түрде Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездерін өткізіп келеді. Бұл шара жаһандық деңгейде дінаралық диалогты нығайтуға және діни толеранттылықтың қазақстандық үлгісін таныстыруға бағытталған. Сонымен қатар, Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымы, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы сияқты халықаралық құрылымдармен серіктестік орнатып, діни экстремизм мен радикализмге қарсы күреске белсене қатысуда. Қазақстандағы діни еркіндік мәселесін қарастыру барысында мемлекеттің діни саясатындағы басым бағыттарды да атап өткен жөн. Елде конфессияаралық келісім мен діни толеранттылықты нығайту саясаты жалғасуда. Мемлекет зайырлылық қағидаттарын сақтай отырып, діни ұйымдармен өзара іс-қимыл жасаудың жаңа тетіктерін әзірлеуде. Бұл, өз кезегінде, діни сенім бостандығын қамтамасыз етумен қатар, елдегі әлеуметтік тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайтуға бағытталған.

Қорытындылай келе, Қазақстандағы діни еркіндік пен мемлекеттік саясаттың өзара әрекеттестігі күрделі және көпқырлы процесс болып табылады. Мемлекет діни сенім бостандығын қамтамасыз ету мен зайырлы қағидаттарды сақтау арасындағы тепе-теңдікті сақтауға ұмтылады. Діни толеранттылық пен конфессияаралық келісім саясатының арқасында Қазақстан тұрақты және көпконфессиялы қоғам құруда айтарлықтай жетістіктерге жетті. Алайда, діни экстремизмнің алдын алу, діни білім беру жүйесін жетілдіру және мемлекеттік құрылымдар мен діни ұйымдар арасындағы диалогты нығайту мәселелері әлі де өзекті болып қала бермек. Сондықтан, Қазақстанның діни саясатының одан әрі дамуы зайырлылық қағидаттарына негізделген тұрақты реформаларды талап етеді. Алынған нәтижелерге сүйене отырып, елдегі діни жағдай тұрақты деп болжауға болады, ал азаматтар мемлекет жүргізіп отырған дін саласындағы саясатты, елдің зайырлы мәртебесін қолдайды. Дегенмен, халықпен ақпараттық түсіндіру жұмыстарында белгілі бір кемшіліктер бар. Сондай-ақ, діни шараларға қатысты мемлекет тарапынан жүзеге асырылатын іс-шаралар туралы теріс көзқарастағы азаматтардың толыққанды хабардар болмауы немесе нашар ақпараттандырылуы мүмкін екенін ескеру қажет. Өз кезегінде, діни сенім бостандығы мен ар-ұждан құқығын шектемейтін жоғары деңгей қоғамдағы діни жағдайдың азаматтар үшін қолайлы екендігін көрсетеді. Қазақстанның табысты тәжірибесі барлық мәселелерді бейбіт жолмен шешудің халықаралық құқық жүйесіне негізделгенін көрсетеді. Бұл Қазақстанды басқа елдер үшін үлгі етеді, бірақ сонымен қатар радикалды діни ағымдардың дамуының қауіпі де бар, сондықтан бұл мәселені назарға алу қажет. Бұл саясаттың нәтижесінде Қазақстан көрші және алыс мемлекеттермен келісімді, бейбіт және орнықты саясат жүргізіп келеді, бұл олардың арасындағы қарым-қатынастарды тұрақты әрі жүйелі етеді. Сонымен қатар, ішкі саясатта азаматтармен ақпараттық жұмыс жүргізуді дамыту үшін әлі де кеңістік бар, бұл жанжал жағдайлары мен деструктивті ағымдардың таралуын болдырмау мақсатында маңызды.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Speckhard, A. (2007). De-legitimizing terrorism: Creative engagement and understanding of the psycho-social and political processes involved in ideological support for terrorism. Democracy and Security
2. Boucek, C. (2008). Saudi Arabia's "soft" counterterrorism strategy: Prevention, rehabilitation, and aftercare, Carnegie Papers
3. Н.Назарбаев Конфессияаралық және өркениетаралық даму орталығы
4. Қазақстан Республикасы Ақпарат және әлеуметтік даму министрлігі. (2021). «Қазақстан халқының дін саласындағы мемлекеттік саясатты бағалауы» социологиялық мониторинг нәтижелері бойынша талдамалық есеп.
5. Қазақстан Республикасы. (2011). «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. № 483-IV.
6. Schulze, K. (2008). Indonesia's approach to jihadist deradicalization. CTC Sentinel
7. Omelicheva, M. Y. (2010). The ethnic dimension of religious extremism and terrorism in Central Asia. International Political Science Review

ӘОК 338.242.4

### ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ АЯСЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДАҒЫ ЖОБАЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТТІҢ ТИІМДІЛІГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Жусупкалиев Азамат Ажигалиулы**

[azamatjusunpkali@gmail.com](mailto:azamatjusunpkali@gmail.com)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Экономика факультеті,  
8D04119 «Жобаларды басқару» БББ 1 курс білім алушысы  
Астана, Қазақстан.

Ғылыми жетекшісі – қауымдастырылған профессор, э.ғ.к. К.К.Хасенова

Заманауи жаһандық сын-қатерлер мен тұрақты өзгерістер жағдайында мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігі мен икемділігі артып отыр. Бұл ретте жобалық менеджменттің құралдары мен әдістерін мемлекеттік қызметке бейімдеу – мемлекеттік аппараттың институционалдық қабілеттілігін нығайтудағы маңызды бағыттардың бірі. Қазақстан Республикасында бұл бағыттағы алғашқы қадамдар тәуелсіздік алған сәттен бастап жүзеге асырыла бастады. Алайда соңғы онжылдықта ғана жобалық тәсіл мемлекеттік саясатты жүзеге асырудың нақты әрі нәтижеге бағытталған тетігі ретінде жүйелі сипат ала бастады.

1. Қазақстандағы мемлекеттік басқару трансформациясының кезеңдері және жобалық тәсілдің қалыптасу алғышарттары

1.1 Институционалдық негіздердің қалануы (1991–1997 жж.)

Кеңестік жоспарлы экономикадан нарықтық қатынастарға көшу кезеңінде Қазақстан мемлекеттік басқарудың жаңа жүйесін құруға кірісті. 1995 жылы қабылданған Конституция мемлекеттік билік тармақтарының қызметін заңнамалық тұрғыда анықтап, мемлекеттің институционалдық базасын қалыптастырды. Бұл кезеңде жобалық басқару формальды түрде қолданылмағанымен, стратегиялық жоспарлау мен құрылымдық реформалар жобалық көзқарастың негізін қалаушы факторлар болды.

1.2 Стратегиялық даму және әкімшілік реформалар кезеңі (1997–2007 жж.)

1997 жылы қабылданған «Қазақстан–2030» стратегиясы мемлекеттік басқарудың стратегиялық бағдарларын нақтылап, оның ішінде тиімділік, ашықтық және есептілік ұғымдарына ерекше мән берілді. Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттіктің құрылуы, басқарудың кәсібиленуіне бағытталған реформалар жобалық басқару принциптеріне негізделді.

1.3 Инновациялық-индустриялық даму және цифрлық трансформация кезеңі (2007–2017 жж.)